

Тәуелсіздікке тарту

Облыстық № 2 ғылыми - әмбебап кітапханасының «Әдістеме-библиография» бөлімінің ұйымдастыруымен «Дүние-ежүзілік кітап және авторлық құқық» күніне орай Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Егеменді еліміздің тарихын ба-
яндайтын бұл туындыда мемлекеттің
негізі қаланған күннен бастап оның қа-
лыптасу кезіндерінің ерекшеліктері мен
26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі қа-
былданған шешімдердің мән-мазмұны
толықтай баяндалған.

Қазақстанды жаңғыртудың үш
толқыны кеңінен ашып көрсетілген.
Бірінші және екінші жаңғырту аясында
тоталитарлық жүйеден түбегейлі ажы-
рап, нарықтық экономиканы құру және
бәсекеге барынша қабілетті елу елдің
қатарына қосылу міндеті мерзімінен
бұрын орындалғандығы туралы жа-
зылған. Үшінші жаңғыртудың мақсаты
– елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық
ағуал жағдайында жаңғырта отырып,
әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қа-
тарына қосу.

Бұл іс-шараны өткізудегі мақсаты-
мыз оқырмандарға Елбасының «Тәу-
елсіздік дәуірі» кітабын насихаттай
отырып, Тәуелсіздіктің тарихын біліп
құрметтеуге, Тәуелсіз Қазақстан туралы
білімдерін кеңейтуге, ел тарихындағы
саяси оқиғалардың моральділігін
ажырата білуге, еліміздің Тәуелсіздік
алғанын бергі жетістіктерімен таны-
суға, сонымен қатар зәлелшек ұрпақтың
бойына ұлттық намыс, ұлттық мінез қа-
лыптастырып, Отанамыз Қазақстанды

өркендетуге білімді де саналы, жігерлі
жастарды тәрбиелеу.

Тарихи басыламының тұсаукесер
рәсімі Арқалық қаласының құрмет-
ті азаматы, облыстық «Шабыт» сый-
лығының, Республикалық ардагерлер
ұйымының «Құрметті ардагері» Каки
Ақанға берілді. Іс-шараны жүргізуші
әдістеме-библиография бөлімінің қыз-
меткері Әйгерім Әламағанбетова кітап-
тың «Мемлекетіміздің дүниеге келуі,
Қазақстанның бірінші жаңғыруы»,
«Ұлы белбұрыс: Қазақстанның екін-
ші жаңғыруының басталуы», «Қыта
құлаш сермеу: Қазақстанның екінші
жаңғыруы», «Қалыптасқан мемле-
кет: Қазақстанның үшінші жаңғы-
руы» бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып
мәліметтер берді.

Тұтастай елдің тарихын қамтитын
бұл жаңа туындының әр бөліміне тоқта-
лып өткен сайын, қеш қонақтары «Нұр
Отан» партиясы, Арқалық қалалық фи-
лиалының кеңесшісі Жандос Рахметов,
қалалық мәдениет сарайының музыка-
лық жетекшісі Меңдігүл Қайсарбекова,
облыстық «Дала өлкесі тарихы»
мұражайының қызметкері Рая Хасено-
ва, киелі шаңырақтың нығайтуына сүбелі
үлесін қосып келе жатқан «Кітапхана
ісінің ардагері» Алма Нұрманова сөз
алып, тарихи туынды жайындағы ойла-
рын ортаға салды.

Н. Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжінің МД – 21
бөлімінің 2 курс студенттері қатысып,
Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев-
тың тарихи публицистика жанрында
жазылған шығармасынан көптеген
мәліметтер алды.

Мәдени – рухани шараны кітапхана
басшысы Қазына Бөрібаева қорытын-
дылады.

Гүлнар КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,
әдістеме-библиография
бөлімінің библиографы.